

Абайдың ақындық мектебі



- Орындаған :
Досмахан Ақерке,
Иманбай Райхан

*Сәбит Мұқановтың 1951 жылы
«Әдебиет және искусство»
журналында жарық көрген «Абайдың
ақын шәкірттері» мақаласында
қысқартылып беріліп отыр:*

Бұл сұрау бірінші рет бұдан 40 жыл бұрын туды. 1911 жылы Орынборда шығатын «Қазақ» газетіндегі мақалаларында байшыл-ұлтшылдар Абайды өздерінің рухани атасы ғып көрсетпек болды. Бұл пікірдің шындыққа қайшы екенін заманның өзі көрсетті, байшыл-ұлтшылдар қазақ халқының жауы екенін өздерінің зұлымдық істерімен танытты. Ал, Абай қазақ халқының досы болған күйінде қала берді.

- *Екінші рет бұл сұрау 1918 жылы қайталанды. «Алашорда» партиясының Семейдегі облыстық комитеті сол жылы Семей қаласында «Абай» атты революцияға қарсы журнал шығарды. Бір жыл бойына он екі саны шыққан бұл журналдың саяси беті түгелімен Октябрь революциясына, Совет өкіметіне, социализмге қарсы болды. Мұнымен қоймай, журнал паназияттық ұран шақырып, шығыс атаулының алдына милитаристік Японияны үлгі тартты. Осы шектен шыққан реакциялық журналдың бесінші санында бас мақала боп «Абайдаң соңғы ақындар» деген мақала шықты, авторының псевдонимі - «Екеу». «Екеудің» кімдер екені бізге мәлімсіз, ал мақаланың мазмұны - революцияға қарсы, сонымен қатар халқымыздың ардақты ақыны Абайға жапқан жала, жаққан күйе.*


● Қазақ совет әдебиетінде «Абайдың шәкірттері кімдер?» деген сұрауға бірінші рет жауап берген адам - Мұхтар Әуезов жолдас. «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында ол былай дейді: «Абайдың дәл өз тұсында, өз дәуірінде еңбек еткен ақын төртеу, оның екеуі - Ақылбай, Мағауия Абайдың өз балалары, қалған екеуі - Көкбай, Шәкәрім. Осы төрт ақын Абайдың нағыз толық мағнадағы шәкірттері.

- «Абайдың әдеби мектебі» деген Қайым Мұхаметхановтың диссертациясына Әуезов мақтап пікір айтады, соның ішінде де Тұрағұл мақталып жүр. Осы жылы баспаға берілген «Абайдың шәкірттері» деген өлеңдер жинағына Әуезов ұзақ кіріспе сөз жазады да, «Абайдың шәкірттері» деген тізімге, Абай ауылында әр кезде молда боп, қадым жолмен бала оқытқан: Мүрсейіт, Махмұд, Самарбай деген адамдарды кіргізеді. Сөйтіп Әуезовтің әр жылда жазған мақалаларында, «Абай шәкірттері» деген адамдардың тізімдері кеңейе береді.

- *Сонымен, 1934 жылғы Әуезовтың мақаласында төрт адамнан ғана құралаатын «Абай шәкірттерінің» тізіміндегі адам саны 1951 жылы жиырма бес - отызға жетеді.*
- *Енді «Абай шәкірттері» аталып жүрген адамдардың өздерімен және шығармаларымен танысайық.*
- *Аталған тізімдегі адамдардың ішінен үш кісінің шығармаларын талдауды орынсыз көрдік.*

- Бірінші - Шәкәрім Құдайбердин. Бұл адам Революцияға дейін діншілдік-ұлтшылдық бағытта жазған адам. 1917 жылы революцияға қарсы ұйымдасқан «Алашорда» партиясының Семейдегі облыстық съезін «Алаш ақсақалы» боп ашқан адам, революцияға қарсы бағыттағы «Абай» журналы мен «Сарыарқа» газетіне Октябрь революциясына қарсы мақалалар жазған адам; 1929 жылы бай-кулактарды бастап, Шыңғыстау ауданында Совет өкіметіне қарсы құралды көтеріліс жасап, жазықсыз талай адамды өлтіріп, өзі атыста оққа ұшқан адам. Бұндай бандитті, ол атылып өлгеннен кейін де, Мұхтар Әуезов жолдастың 1934 жылы да, 1940 жылы да «Абай шәкірттерінің» тізіміне қосып мақтауы ойға сыймады.

- Әуезов жолдас Шәкәрім бандит боп өлгеннен кейін де, оған мейірімді көзбен қарады.



- *Екінші - Тұрағұл. Жақсы көретіндердің еркелетіп қойған аты - Тұраш. Абайдан туған бала болғанымен бұл да совет қоғамына жат, жау кісі. Ол да «Алашорда» партиясының ардақты адамының бірі боп, «Сарыарқа» газетіне Совет өкіметін жамандап мақала жазған. 1928 жылы Совет өкіметінің ерекше декретімен бес жүз бай-феодалдардың мал-мүліктері конфискацияға алынғанда, Тұрағұл да сол тізімде болған.*

- *Үшінші - Нарманбет Орманбетов. Бұл адамның да «Алашорда» партиясында болған сырлары ашылып, архив документтерімен дәлелденіп отыр.*

